

"Жұмыс орындарының жалпы санының үш проценті мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Созақ ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 30 шілдедегі № 223 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 3 мамырдағы № 192 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37 бабының 8 тармағына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V Заңының 27 бабына сәйкес, Созақ ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жұмыс орындарының жалпы санының үш проценті мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Созақ ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 30 шілдедегі № 223 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2361 тіркелген, 2013 жылғы 4 қыркүйекте "Созақ үні" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Әлмағанбетке жүктелсін.

Аудан әкімі

М.Исаев